Бекітемін
И.В.Панфилов атындағы
№5 мектеп-лицей директоры:
_____ Б.Ж. Дуйсенбаев
«__» _____ 2026 ж

«Келісілді»
Директордың ғылыми-әдістемелік
жұмыстары жөніндегі орынбасары:
_____ Т.Тастаева
«28» 08 2026 ж

И.В Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің «Информатика және жасанды интеллект» әдістемелік пән бірлестігінің 2026-2027 оқу жылына арналған жоспары

Информатика және жасанды интеллект пән бірлестігінің жетекшісі: Әбішева Ақерке Сержанқызы

2026-2027 оқу жылы

Пән бірлестік ережесі

Әдістемелік бірлестік туралы ереже

I. Жалпы ережелер

Әдістемелік бірлестік білім мекемесіндегі (БМ) әдістемелік қызметтің негізгі құрылымдық бөлігі болып табылады. Әдістемелік бірлестік бір немесе бірнеше бағыттас пәндер бойынша оқу-тәрбие, әдістемелік, эксперименттік және сыныптан тыс жұмыстарды жүргізеді.

Әдістемелік бірлестік бір пән немесе бірнеше бағыттас пәндер бойынша құрамында кемінде 5 мұғалім болған жағдайда құрылады. Әдістемелік бірлестіктерді құру, олардың санына, құрамына өзгерістер енгізу мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

Әдістемелік бірлестіктер тікелей директордың әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасарына бағынады.

II. Әдістемелік бірлестіктің міндеттері мен қызмет бағыттары

Әдістемелік бірлестік төмендегідей міндеттерді шешу үшін құрылады:

Пән бойынша оқу-тәрбие, әдістемелік, эксперименттік жұмыстарды жоғары кәсіби деңгейде ұйымдастыру және жүргізу;

сабақ беру әдістемесін жетілдіру;

мұғалімдердің педагогикалық біліктілігін көтеру;

педагогикалық эксперименттерді жүргізу.

I. Әдістемелік бірлестіктің негізгі жұмыс түрлері:

оқушыларды оқыту және тәрбиелеу әдістемесінің проблемалары бойынша педагогикалық эксперименттерді өткізу және олардың нәтижесін білім процесіне енгізу;

- оқу-әдістемелік мәселелер бойынша мұғалімдердің шығармашылық есептері, дөңгелек үстел, кеңестер, семинарлар т.б;
- оқушыларды оқыту және тәрбиелеу әдістемесінің мәселелері бойынша әдістемелік бірлестіктердің отырыстары;
- пән бойынша ашық сабақтар және сыныптан тыс іс-шаралар;
- оқыту және тәрбиелеу әдістемесі, жалпы педагогика және психология мәселелері бойынша лекциялар, баяндамалар және дискуссиялар;
- озат педагогикалық тәжірибені және басқару құжаттарының талаптарын зерттеп, оқу-тәрбие процесіне енгізу;
- пән және әдістемелік апталықтарды өткізу;

- өзара сабаққа ену;
- оқу сабақтарының өткізу сапасын бақылау

II. Әдістемелік бірлестік қызметінің негізгі бағыттары:

- пәндер бойынша білім деңгейінің қорытындыларын талдау;
- оқу жоспарының вариативтік бөлімдерін жасауға қатысу;
- оқу бағдарламаларындағы минимал көлем мен мазмұнға қойылатын талаптарға өзгерістер енгізу;
- оқу әдістемелік және дидактикалық материалдарды талдау;
- пәндер бойынша ашық сабақтар және ашық сыныптан тыс іс-шаралар өткізу;
- пәндерді оқыту әдістемесі бойынша баяндамалар дайындау және талқылау:
- оқушылардың зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, жетекшілік жасау және бақылау мәселелерін карастыру;
- оқытудың жаңа технологияларын іздеу және енгізу бойынша педагогикалық эксперименттерді ұйымдастыру және жүргізу;
- оқу пәндерін өту әдістемесін жетілдіру және тәжірибе алмасу мақсатында әдістемелік бірлестік ішінде және әдістемелік бірлестіктер арасында өзара сабаққа енуді ұйымдастыру;
- *пәндер бойынша сайыстар, олимпиадалар, жарыстар өткізу туралы ережелер жасау.*

III Әдістемелік бірлестіктің жұмысы

Әдістемелік бірлестікті бірлестік мүшелерінің келісімімен тәжірибелі ұстаздар тарапынан таңдалған төраға басқарады. Төрағаны БМ директоры тағайындайды.

Әдістемелік бірлестіктің жұмысы жылдық жоспар негізінде іске асырылады. Жоспар әдістемелік бірлестіктің төрағасы тарапынан құрылады, әдістемелік бірлестіктің отырысында қарастырылады, директордың әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасарымен келісіліп, мектеп директорымен бекітіледі.

Әдістемелік бірлестіктің отырысы тоқсанда кемінде бір рет өткізіледі. Отырыстың мерзімі, өтілу орны туралы төраға дер кезінде директордың әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасарына хабарлау керек. Қаралып отырған әр мәселе бойынша ұсыныс қабылданып, ол хаттама журналына жазылады. Ұсыныстар әдістемелік бірлестік төрағасының қолымен бекітіледі.

IV. Әдістемелік бірлестіктің құжаттары

- ӘБ төрағасын тағайындау туралы бұйрық.
- Әдістемелік бірлестік туралы ереже .

- Өткен оқу жылының жұмысын талдау.
- Әдістемелік жұмыстың тақырыбы, оның мақсаты, негізгі бағыттары және жаңа оқу жылының міндеттері.
- ӘБ жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспары.
- ӘБ мұғалімдері туралы мәліметтер.
- ӘБ мұғалімдерінің өз білімін жетілдіру тақырыптары туралы мәліметтер.
- ӘБ мұғалімдерінің біліктілін көтеру кестесі.
- ӘБ мұғалімдерін аттестациялаудың перспективті жоспары
- Пән бойынша ашық сабақтар және сыныптан тыс іс-шаралар өткізу кестесі
- Оқу бағдараламалары .
- Пән апталықтарының жоспары.
- Жас маманмен жұмыс жоспары.
- Пән бойынша алынған бақылау жұмыстарының қорытындылары.
- Мектепішілік бақылау (анықтамалар, диагностика).
- ӘБ отырыстарының хаттамалары.

V. Әдістемелік бірлестіктің құқықтары

Әдістемелік бірлестіктің құқығы бар:

- мұғалімдердің біліктілік разрядтарын көтеру туралы ұсыныс дайындауға;
- мектепте оқу процесін жақсарту бойынша ұсыныс беруге;
- ӘБ-те жиналған озат педагогикалық тәжірибе материалдарын жариялау туралы мәселені қоюға;
- оқушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша директор орынбасарларынан кеңес сұрауға;
- мұғалімдердің аттестациясын ұйымдастыру және мазмұны бойынша ұсыныстар беруге;
- ӘБ тарапынан «Жыл мұғалімі» сайысына мұғалімдерді ұсынуға.

VI. Әдістемелік бірлестік қызметін бақылау.

- Әдістемелік бірлестіктің қызметі мектеп директоры және оның орынбасарлары тарапынан бақыланады. Бақылау мектептің әдістемелік жұмысы және мектепішілік бақылау жоспарларына сәйкес жүргізіледі.

VII. Әдістемелік жұмысының негізгі міндеттері

- Ұстаздардың педагогикалық шеберлігін жетілдіру.
- Сабақтар өтілуінің жоғары әдістемелік деңгейін қамтамасыз ету.

- Жас мамандарды кәсіби шыңдау.
- Жаңа ақпараттық технологияларды ендіру негізінде оқу сабақтардың өтілу сапасын жоғарылату.
- Оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдерін, жаңа технолгияларды іздеу бойынша педагогикалық эксперименттерін жалғастыру.
- Шығармашыл мұғалімдердің педагогикалық тәжірибесін анықтау, жинақтау және тарқату. Білім беру процесінің жаңа әдістемелік жасақтауын талдау және апробациялау, озат педагогикалық тәжірибені, оқытудың жаңа формаларын, әдістерін ендіру.
- Барлық құжаттарды жүргізу сапасын жоғарылату бойынша жұмысты ұйымдастыру және өткізу.
- Оқу, ғылыми-әдістемелік және дидактикалық материалды жасау

Пән бірлестігіндегі мұғалімдердің міндеттері

- Пән бірлестігінің отырысын өткізу
- Пән бірлестігінің шешімі және ұсынысының орындалуы, құжаттардың жүргізілуі.
- Пән бірлестігіндегі мұғалімдердің озық іс-тәжірибелерімен танысып, тәжірибелерінде қолдану.
- Пән апталығын өткізу және оған дайындық жүргізу.
- Конференция, семинар, дөңгелек стол, іскерлік ойын өткізу, дайындық жұмыстарын жүргізу.
- Оқушылардың пәндік олимпиадасын, интеллект, білім сайыстарын өткізу.
- Пән бойынша сабақтан тыс іс-шаралар өткізу.
- Сабақтар, факултатив сабақтар, үйірме сабақтарына ену.

Пән бірлестігіндегі мұғалімдермен жүргізілетін жұмыс жоспары:

1. Оқушылардың білім, біліктілік сапасы;
2. Оқу бағдарламасының (стандарттың) орындалуы;
3. Пән бойынша әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру;
   - мұғалімдердің кәсіби, мәдени деңгейін арттыру;
   - республика, облыс аудан көлеміндегі озық педагогикалық тәжірибені оқып үйрену;
   - өзара сабаққа қатысу; кабинетті жабдықтау; пән бойынша үйірме;
   - факультатив, апталық, декада, кеш, олимпиада, көрме т.б.
4. Нормативтік құжаттарды оқу, жүзеге асыру
5. Оқушылар дәптерінің талапқа сай болуы
6. Тәлімгерлік
7. ӘБ отырысы және басқа жиналыстар шешімінің орындалуы бекітілсін

Информатика және жасанды интеллект әдістемелік бірлестігінің
2026-2027 оқу жылына дайындық жылдық жоспар кестесі

№	Негізгі іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар	Түпкі нәтиже
1	Өткен оқу жылындағы бірлестіктің атқарған жұмысына талдау жасау және жаңа 2026-2027 оқу жылының мақсат, міндетін айқындау	тамыз	ӘБ жетекшісі	хаттама
2	Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен таныстыру. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде білім беру ұйымдары Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылған әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алу.	тамыз	ӘБ жетекшісі	хаттама
4	2026-2027 оқу жылындағы әдістемелік бірлестіктің жылдық жұмыс жоспарын құру.	15.08-30.08.	ӘБ жетекшісі	хаттама жоспар
6	Мұғалімдердің күнтізбелік- тақырыптық жоспарларын оқу бағдарламаларына сәйкестендіріп тексеріп, бекітуге ұсыну.	26.08-31.08.	Пән мұғалімдері	КТЖ
7	Мұғалімдерді аттестациялаудың перспективалық жоспарын түзу	29.08. - 29.09	ӘБ жетекшісі.	Кесте
8	Аттестаттаудан өтетін мұғалімдерді анықтау, сабақтарына ену, талдау жасау	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі. ӘБ жетекшісі. Пән мұғалімдері.	Талдау
10	Информатика және жасанды интеллект пәнінен әр тоқсанда алынатын БЖБ және ТЖБ жұмыстарының кестесін жасау	29.08. - 29.09	ӘБ жетекшісі.	Кесте
11	Өзара сабаққа ену кестесін түзу	29.08. - 29.09	ӘБ жетекшісі.	Кесте

13	Жаңа оқу жылына пән кабинеттерінің жабдықталуын қадағалау	26.08. – 29.08.	ӘБ жетекшісі.	Жоспар
14	PISA халықаралық салыстырмалы зерттеулері бойынша оқыту түрлерімен таныстыру	30.09.26	ӘБ жетекшісі	жоспар
15	Сабақ жоспарларын, факультатив, үйірме, таңдау курстарының сабақ жоспарларын жинақтау	Жыл бойы	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері	Ізденіс
16	Сыныптас тыс іс шараларды бағдарлау, жоспарлау	Жыл бойы	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері	Ізденіс
17	ҰБТ дайындық жоспарын жасау	26.09.26	11-сыныптарға сабақ беретін мұғалімдер	Жоспар
18	Бірлестік мұғалімдерінің кәсіби конкурстарына қатысу бағытын бағдарлау	Жыл бойы	ӘБ жетекшісі. Пән мұғалімдері.	Талдау

2026-2027 оқу жылындағы информатика және жасанды интеллект пән әдістемелік бірлестік отырыстарының жоспары

№	Қаралатын мәселелер	Жауапты	Түпкі нәтиже
	I отырыс		
1	Өткен оқу жылындағы бірлестіктің атқарған жұмысына талдау жасау және жаңа 2026-2027 оқу жылының мақсат, міндетін айқындау.	ӘБ жетекшісі	Хаттама №1
	Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен таныстыру. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы https://adilet. zan.kz/kaz/docs/ V2200029031 2 «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы https://adilet. zan.kz/kaz/docs/ V1200008170 3 «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы https://adilet. zan.kz/kaz/docs/ V2200029767 4 «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы https://adilet. zan.kz/kaz/docs/ P2300000249 5 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы	ӘБ жетекшісі	

2	2026-2027 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырып, жаңа оқу жылының жоспарын құру.	ӘБ жетекшісі	Хаттама №1
3	Мұғалімдердің апталық жүктемелерін, күнтізбелік жоспарларын талқыға салып,бекітуге ұсыну.	ӘБ жетекшісі	Хаттама №1
4	Үйірме жұмыстарының жоспарын бекіту, сыныптан тыс іс шараларды жоспарлау	Пән мұғалімдері	Жоспар
	II отырыс		
1	I тоқсан қорытындысы	ӘБЖ	Хаттама №2
2	ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартын(жалпы білім беру деңгейі) талдау. БЖБ жәнк ТЖБ тапсырмаларын оқу мақсаттарына сәйкес құрылуын тексеру.	ДОІЖО ӘБЖ	
3	Бірлестік мұғалімдерінің кәсіби конкурстарына қатысу	ӘБЖ, пән мұғалімдері	
4	Сыныптан тыс іс-шараларға оқушыларды тарту	ӘБЖ, пән мұғалімдері	
5	Мектепішілік пән олимпиадасын өткізу жоспарын құру және бекіту.	ӘБЖ, пән мұғалімдері	
	III отырыс		
1	II тоқсан қорытындысы.	ӘБЖ	Хаттама №3
2	Жиынтық бағалау нәтижелерін талдау.	ӘБЖ, пән мұғалімдері	
3	Қалалық пән олимпиадасына дайындық барысын талдау.	ӘБЖ, пән мұғалімдері	
4	Дарынды оқушылармен орындалатын сыныптан тыс іс-шаралар	ӘБЖ, пән мұғалімдері	
5	Оқушылардың ПИЗА-ға және қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстарының нәтижесі.	ӘБЖ, пән мұғалімдері	

	IV отырыс		
1	III тоқсан қорытындысы .	ӘБЖ	Хаттама №4
2	Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс нәтижесін талдау.	ӘБЖ	
3	Шығармашылық жұмыспен айналысатын мұғалімдердің жұмысын жинақтап тарату.	ӘБЖ, пән мұғалімдері	
4	Бірлестік апталығын өткізу, есебін беру	ӘБЖ, пән мұғалімдері	
5	Облыстық және қашықтық олимпиада нәтижелерін талдау	ӘБЖ	
	V отырыс		
1	IV тоқсан,жылдық қорытынды.	ӘБЖ	Хаттама №5
2	Мемлекеттік және сыныптан-сыныпқа көшіру емтихандарының материалдарын дайындау, кестесін жасау,бекіту.	ӘБЖ, пән мұғалімдері	
3	ӘБ жетекшісінің жыл бойы атқарған жұмысының есебі.	ӘБЖ	
4	ӘБ мүшелерінің мектепішілік рейтингісін талдау.	ӘБЖ	

Жыл бойы информатика және жасанды интеллект пән мұғалімдерімен жүргізілетін жұмыс жоспары

Апта күні	Қыркүйек	Жауапты
1 апта	Оқу кабинеттерінің сабаққа дайындығын тексеру. Әдістемелік бірлестік отырысы (айлық бағыттарды бекіту, проблемаларды талқылау) Мұғалімдердің күнтізбелік жоспарын тексеру Оқушыларының сабаққа дайындығын тексеру СРЕЗ алу	Пән мұғалімдері
2 апта	Информатика жасанды интеллект пәні апталығына дайындық жоспарын бекіту Сыныптан тыс іс-шаралардың сценарийін дайындау Оқушылардың шығармашылық жобаларын жинақтау Дарынды оқушылармен олимпиадаға дайындық Қалыптастырушы бағалау қорытындысын қарастыру	
3 апта	Информатика жасанды интеллект пәні апталығының ашылу рәсімі «Кодшылар сайысы» немесе «Логикалық тапсырмалар» жарысы Электронды қабырға газетін (онлайн стенд) шығару Информатика және жасанды интеллект апталығы аясында ашық сабақ өткізу Апталық күнделікті есебін жүргізу	
4 апта	Информатика жасанды интеллект апталығының жалғасы: «Scratch жобалары» немесе «Робототехника көрмесі» Интерактивті викторина (Kahoot, Quizizz, т.б.) Мұғалімдер арасында тәжірибе алмасу семинары Үйірме жұмысы: «Кішкентай бағдарламашы» Апталық бойынша фото-видео жинақтау Информатика және жасанды интеллект пәні апталығының жабылуы, жеңімпаздарды марапаттау	
Апта күні	**Қазан**	**Жауапты**
1 апта	**Мұғалімдер күніне арналған іс-шараларға қатысу** (цифрлық құттықтау, бейнеролик жасау)	Пән мұғалімдері

	Бірлестік отырысы: қазан айындағы жұмыстарды жоспарлау Жаңа тоқсанға арналған БЖБ тапсырмаларын қарастыру, бекіту Дарынды оқушылармен олимпиадаға дайындық жұмыстарын бастау	
2 апта	Мұғалімдердің сабақтарына өзара қатысу, тәжірибе алмасу Қалыптастырушы бағалау нәтижелерін талдау, әдістемелік қолдау көрсету IT үйірмесінде тақырыптық жұмыс: *Scratch/Python бойынша шағын жоба* Оқушыларға арналған "Интернет қауіпсіздігі" тақырыбында сыныптан тыс шара Оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыруға арналған сыныптан тыс шара (мини-викторина, постер, онлайн ойын)	
3 апта	Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс Мұғалімдердің ҚМЖ құжаттарын тексеру, әдістемелік көмек "Ақпараттық технологиялар біздің өмірімізде" атты постер/бейнеролик конкурсын өткізу Жаңа цифрлық құралды (онлайн викторина, жасанды интеллект құралдары) таныстыру	
4 апта	Ай бойы жүргізілген жұмыстарға талдау жасау, қорытынды шығару I-тоқсан қорытындысы бойынша оқушылардың білім сапасын талдау Олимпиадаға қатысушы оқушылардың соңғы дайындықтарын тексеру Әдістемелік қорды толықтыру (презентация, тапсырмалар банкі, тест)	
Апта күні	**Қараша**	**Жауапты**
1 апта	Қараша айының жұмыс жоспарын бекіту Сабаққа қатысу, әдістемелік талдау Дарынды оқушылармен олимпиадаға дайындық *ЖИ-ды сабаққа кіріктіру жолдары* тақырыбында бірлестік ішінде тәжірибе алмасу	Пән мұғалімдері
2 апта	Мектепішілік олимпиада өткізу Қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын қарастыру Үйірме жұмыстары (*Scratch, Python жобалары*) Сыныптан тыс іс-шара: *«Компьютерлік әдеп пен кибермәдениет»* *Күнделіктегі баға қорының әділ жүргізілуін* талдау, мұғалімдермен пікір алмасу	

3 апта	Тоқсан қорытындыларын дайындау 11-сынып оқушыларынан тест алу Жас мамандарға көмек көрсету Дарынды оқушылармен жұмыс	
4 апта	Журналдарды тексеру Әдістемелік журналдарға талдау жасау Оқулықтағы қиын тақырыптарды талқылау Мұғалімдердің сабақтарына ену	
Апта күні	**Желтоқсан**	**Жауапты**
1 апта	2-тоқсан БЖБ тапсырмаларын бірлестік ішінде талқылау, әдістемелік қолдау Сабаққа қатысу, рефлексия жасау ЖИ қолданылған сабақ үлгілерін жинақтау, мұғалімдермен бөлісу	Пән мұғалімдері
2 апта	Қалыптастырушы бағалау нәтижелерін талдау, қиындықтарды анықтау Үйірмеде: *Робототехника, дронмен жұмыс, шағын бағдарлама жазу* Сыныптан тыс шара: *«Интернет қауіпсіздігі және киберқорғаныс»* тренинг Күнделіктегі баға қорының толықтығы мен әділдігін тексеру, мұғалімдерге әдістемелік кеңес беру	
3 апта	Дарынды оқушылармен облыстық/республикалық олимпиадаға дайындықты жалғастыру Үлгерімі төмен оқушыларға қосымша сабақтар «Информатика және жасанды интеллект – болашақ мамандығым» атты оқушылар эссе/жоба конкурсы ЖИ құралдарын (ChatGPT, Canva AI, Python AI libraries) оқушылар жобасында пайдалану	
4 апта	Айлық жұмысты қорытындылау, талдау БЖБ нәтижелерін мониторингтеу, күнделіктегі баға қорымен салыстыру Дарынды оқушылармен *Hackathon / IT Challenge* Айлық жұмыс есебінде ЖИ қолдану мен баға қорын жүргізу мәселелерін жеке көрсету	
Апта күні	**Қаңтар**	**Жауапты**

1 апта	ҰБТ ға дайындық Қаңтар айының жұмыс жоспарын бекіту 3-тоқсанның күнтізбелік-тақырыптық жоспарын қарастыру Сабақтарға қатысу, жаңа әдістерді бақылау ЖИ қолдануға арналған әдістемелік ұсыныстармен бөлісу	Пән мұғалімдері
2 апта	Қалыптастырушы бағалау жұмыстарын талдау Үйірмеде: *Python/Pascal программалау бойынша есептерді шығару* Сыныптан тыс шара: *«Информатика – ғылымдар патшасы»* атты зияткерлік сайыс Күнделіктегі баға қорының толықтығын тексеру, қателіктерді түзету жұмысы	
3 апта	Дарынды оқушылармен олимпиадаға дайындықты жалғастыру Үлгерімі төмен оқушыларға қосымша сабақ «Менің алғашқы стартап идеям» атты шағын жоба конкурсы ЖИ құралдарын (MidJourney, ChatGPT, Code.org AI) жобалық жұмысқа кіріктіру	
4 апта	Қаңтар айының жұмысын қорытындылау, бірлестік есебін жасау Қалыптастырушы бағалау нәтижелерін салыстыру, мониторинг жүргізу Бірлестік қорын толықтыру (тапсырмалар банкі, әдістемелік нұсқаулықтар, бейнесабақтар) ЖИ пайдалану тәжірибесі және баға қоры бойынша қысқаша есеп дайындау Мұғалімдердің сабақтарына ену	

Апта күні	**Ақпан**	**Жауапты**
1 апта	Дарынды оқушылармен олимпиадаға дайындық Сабақтарға қатысу, әдістемелік көмек көрсету Үйірме жұмысы (робототехника/программалау) Құжаттарды реттеу	Пән мұғалімдері
2 апта	Ашық сабақ өткізу Әдістемелік тәжірибе алмасу Кәсіби конкурстарға дайындық Қалыптастырушы бағалау нәтижесін талдау	
3 апта	Сабақтарға қатысу, үлгерімі төмен оқушыларға көмек	

	Информатика және жасанды интеллект үйірмесін өткізу Дарынды оқушылармен ғылыми жоба жұмыстары Оқушылар арасында цифрлық сауаттылық сайысы	
4 апта	БЖБ тапсырмаларын талқылау Ашық есік күніне сабақ дайындау Оқушылардың жобаларын қорғау Айлық қорытынды есеп тапсыру	
Апта күні	**Наурыз**	**Жауапты**
1 апта	Сабақтарға қатысу, әдістемелік көмек көрсету Дарынды оқушылармен ғылыми жобаға дайындық Үйірме жұмысы (робототехника/программалау) 8-наурыз мерекесіне арналған электронды құттықтау ашықхаттарын жасау Айлық құжаттарды реттеу	Пән мұғалімдері
2 апта	Цифрлық құттықтау бейнероликтерін дайындау Кәсіби байқауларға қатысуға дайындық Қалыптастырушы бағалау қорытындысын талдау Үлгерімі төмен оқушыларға қосымша сабақ	
3 апта	Наурыз мерекесіне арналған «Цифрлық құттықтау жобасы» байқауы Оқушылардың шағын жобаларын қорғау Дарынды оқушылармен олимпиадаға дайындық Сабақтарға қатысу, әдістемелік ұсыныс беру Айлық есепке материал жинау	
4 апта	БЖБ тапсырмаларын талдау Цифрлық сауаттылық және жасанды интеллектке арналған викторина Айлық қорытынды есеп тапсыру Кәсіби дамуға арналған әдістемелік семинарға қатысу	
Апта күні	**Сәуір**	**Жауапты**
1 апта	Сабақтарға қатысу, үлгерімі төмен оқушыларға көмек Информатика және жасанды интеллект үйірмесін өткізу	Пән мұғалімдері

	Дарынды оқушылармен ғылыми жоба жұмыстары Оқушылар арасында цифрлық сауаттылық және жасанды интеллект сайысы	
2 апта	Қалыптастырушы бағалау қорытындысын талдау Үлгерімі төмен оқушыларға қосымша сабақ	
3 апта	Дарынды оқушылармен олимпиадаға дайындық Сабақтарға қатысу, әдістемелік ұсыныс беру	
4 апта	БЖБ тапсырмаларын талдау Айлық есеп дайындау Кәсіби даму бағытындағы әдістемелік семинарға қатысу Дарынды оқушылармен жеке жұмыс жүргізу	
Апта күні	Мамыр	Жауапты
1 апта	1 мамыр мерекесіне арналған «Бірлік – ынтымақ бастауы» тақырыбында электронды құттықтау ашықхаттарын жасау Сабақтарға қатысу, әдістемелік ұсыныстар беру Дарынды оқушылармен жұмыс (жобалық тапсырмалар) Үйірме жұмысы (робототехника, программалау) Қалыптастырушы бағалау нәтижесін талдау	Пән мұғалімдері
2 апта	7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне арналған бейнеролик немесе презентация дайындау 9 мамыр – Жеңіс күніне арнап «Цифрлық естелік қабырға» жобасын ұйымдастыру Мұғалімдердің кәсіби байқауларына қатысуға ұсыныстар беру Үлгерімі төмен оқушыларға қосымша сабақ	
3 апта	Жылдық қорытынды бақылау жұмыстарына дайындық Оқушылардың жыл бойы жасаған жобаларын жинақтап көрсету (мини-көрме) Интерактивті ойын-викторина («Информатика және жасанды интеллект») Мұғалімдер арасында әдістемелік тәжірибе алмасу Айлық есепке материал жинау	
4 апта	БЖБ/ТЖБ талдау Жылдық қорытынды есеп дайындау Дарынды оқушыларды жазғы мектеп/лагерь бағдарламасына бағыттау	

	Кәсіби даму бойынша семинарға қатысу Үйірме қорытындысын шығару	

Информатика және жасанды интеллект пәні бойынша мемлекеттік білім беру стандартының орындалуы

№	Негізгі іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар	Түпкі нәтиже
1.	Күнтізбелік- тақырыптық жоспарларын тексеру, бекітуге ұсыну	тамыз	Мектеп әкімшілігі ӘБ жетекшісі	хаттама
2.	ТЖБ тапсырмаларын оқу мақсаттарына сәйкес құрылуын тексеру	Қыркүйек желтоқсан	Мектеп әкімшілігі ӘБ жетекшісі	мәлімет
3.	1-4 сыныптарда «Цифрлық сауаттылық және жасанды интеллект» пәнін оқытуда оқушыларға аралық бақылауға арналған тапсырмаларды тиімді қолдану жолдарын қадағалау 5 – 10-сынып оқушыларының БЖБ тапсырмаларының оқу мақсаттарына сәйкестігін қадағалау, нәтижелерін талдау, модерация өткізу	уақтылы	ӘБ жет. Пән мұғалімдері	хаттама
4.	1-11-сынып оқушыларының үйірме жұмысын ұйымдастыру	Оқу жылы барысында	ӘБ жет. Пән мұғалімдері	анықтама
5.	Информатика және жасанды интеллект пәнінен оқушылардың олимпиада, ғылыми жоба және т.б. конкурстарға қатысуын жоспарлау	кесте	Мектеп әкімшілігі ӘБ жетекшісі	мониторинг